

Макашева К.Н., Сиякулова С.А.

Ұлыбританияның Каспий аймағындағы геосаяси қатысуының мүдделері

Тәуелсіздік таңына дейінгі кезеңдерде де Ұлыбритания қазақ жеріне аса ерекше қызығушылық танытқан болатын. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап XIX ғасырдың ортасына дейін саны онға жуық ағылшын Қазақстанға әртүрлі мақсатта сапар шеккен. Бұл уақыт аралығында еуропалық мемлекеттердің бірқатары Орта Азия мемлекеттерімен сауда байланысын орнатуға қызығушылық танытқан кезі еді. Қазақстанның ұтымды географиялық орны сол кездегі әлемдік сауда гегемониясына таласқан Англия үшін өте тиімді маршрут болғаны жасырын емес. Ал бүгінде Ұлыбританияның Каспий аймағындағы мүдделері дәл осы экономика, сауда-саттық мәлесесіне келіп тіреледі. Әлемдегі мұнай шикізатына аса тәуелді Кәрі Құрлық елдері үшін Каспий аймағындағы мүдделерін қамтамасыз ету – алдыңғы қатардағы басымдықтардың бірі болып саналады. Әрине, ол үшін Каспий бөлігінде ағылшын капиталының болуы шарт. Сол себепті 1990-1991 жылдардан бастап түрлі ағылшын компаниялары еліміздің батыс аймағындағы мұнай-газ секторына белсенді түрде инвестициялар салып, түрлі шарттармен несие беруді қолға алған. Британдық Бритиш Петролеум, Бритиш Газ, Шелл сияқты мұнай-газ магнаттарының Каспий жобаларына белсенді қатысуын байқауға әбден болады. Дәл осылай, Қазақстан үшін де бұл серіктестік тиімді емес деп айтуға келмейді.

Түйін сөздер: көпвекторлық, табиғи ресурстар, Каспий аймағы, геосаяси мүдде, мұнай-газ секторы, инвестиция, өзара тиімді серіктестік.

Makasheva K.N., Siyakulova S.A.

Interests of geopolitical presence of United Kingdom in the Caspian region

Even before the declaration of the state independence of the Republic of Kazakhstan United Kingdom took a special interest in the Kazakh land. Since the second half of the XVI century until the middle of the XIX century about ten Englishmen visited the Kazakh land for various purposes. It was a time when a number of European countries have shown interest in establishing trade relations with Central Asian countries. It's no secret that the favorable geographical position of Kazakhstan is an effective route for England, which at that time claimed to trade hegemony. Today, the UK's interests in the Caspian region abut on the economy and trade. For European countries, heavily dependent on the petroleum feedstock, the issue of their interests in the Caspian region is one of the top priorities. Of course, for this end the presence of the British capital in the Caspian part is a prerequisite. Therefore, since 1990-1991, various British companies have begun to actively invest oil and gas industry of the country and provide loans at different rates and terms. In this regard, we can observe an active involvement of the British oil magnates such as British Petroleum, British Gas and Shell in the Caspian projects. Likewise, we can not say that this partnership is not effective for Kazakhstan.

Key words: multi-vector policy, natural resources, the Caspian region, geopolitical interest, oil and gas sector, investment, mutually beneficial cooperation.

Макашева К.Н., Сиякулова С.А.

Интересы геополитического присутствия Великобритании в Каспийском регионе

Ни для кого не секрет, что выгодное географическое положение Казахстана являлось эффективным маршрутом для Англии, которая на тот момент претендовала на торговую гегемонию. И сегодня интересы Великобритании в Каспийском регионе упираются на экономику и торговлю. Для стран Европы, сильно зависящих от нефтяного сырья, вопрос обеспечения своих интересов в Каспийском регионе является одним из ведущих приоритетов. Конечно, для этого присутствие английского капитала в Каспийской части является обязательным условием. Поэтому начиная с 1990-1991 годов различные английские компании активно принялись инвестировать нефтегазовую отрасль страны и выдавать кредиты по различным ставкам и условиям. В связи с этим, можно наблюдать активное участие британских нефтегазовых магнатов, таких как Бритиш Петролеум, Бритиш Газ и Шелл в Каспийских проектах. Точно также нельзя сказать, что и для Казахстана это партнерство является неэффективным.

Ключевые слова: многовекторность, природные ресурсы, Каспийский регион, геополитический интерес, нефтегазовый сектор, инвестиция, взаимовыгодное сотрудничество.

**ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ
КАСПИЙ
АЙМАҒЫНДАҒЫ
ГЕОСАЯСИ
ҚАТЫСУЫНЫҢ
МҮДДЕЛЕРІ**

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы 24 жыл уақытты қамтиды. Бұл мерзім басқа мемлекеттердің тарихымен салыстырғанда мардымсыз. Дегенмен, осы уақыт аралығында жас мемлекет біраз жұмыстар атқарып үлгерді: мемлекеттілігін нығайтты, жоспарлы әкімшілік экономикадан нарықтық экономикаға сәтті көшу үрдісін аяқтады, демократия мен азаматтық қоғам негіздерін салды. Бұның барлығы біздің елімізді Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері (ТМД) арасындағы көшбасшылардың бірі деп атауға толық негіз береді.

Халықаралық қауымдастықпен оңтайлы қарым-қатынас орнату үшін, ең алдымен, сыртқы саяси стратегияны дайындау кезінде Қазақстандық басшылық көпвекторлық принципін жүзеге асыру қажет деген тоқтамға келді. «Көпвекторлық – әлемдік істерде өзіндік жеке рөл ойнайтын және біздің ел үшін тәжірибелік мүддесі бар барлық мемлекеттермен достық қарым-қатынасты дамыту дегенді білдіреді. Қазақстан өзінің геосаяси жағдайы мен экономикалық әлеуетінің себебінен тар аймақтық проблемалармен тұйықталып қалуға құқығы жоқ. Бұл тек біздің көпұлтты халқымызға ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастыққа да түсініксіз жайт болар еді. Қазақстанның келешегі – Азияда да, Еуропада да, Шығыста да және Батыста да. Дәл осындай саясат жүргізе отырып, біз Қазақстанға төнген қандай да қауіпсіздік қаупінің алдын ала аламыз. Біз еліміздегі экономикалық және саяси өзгерістер арқылы қолайлы сыртқы жағдайларды орнықтыра аламыз», – дей келе Н.Назарбаев аталмыш саяси бағыттың даму және жан-жақты қарым-қатынас орнатудың негізгі кілті екендігіне тоқталады [1].

КСРО құлағаннан кейін Қазақстан геосаяси және экономикалық факторлар есебінен әлем елдері, соның ішінде, әрине Батыс елдерінің назарына ілікті. Батыс Еуропа елдерімен қарым-қатынас орнату Қазақстан сыртқы саясатының маңызды бағыты. Еліміздің тұрақты дамуы үшін өзара тиімді байланыстарды сақтап, дамытып отыру алғашқы басымдықтардың бірі екені сөзсіз. Жоғары қызығушылық танытып отырған Англия сияқты әлемдік демократия құндылықтар елі, нарықтық экономика, бизнес орталығына айналған батыстың алыбы Қазақстанды бір есептен Каспий-Орталық Азия аймағына геосаяси қатысуы мүддесінде қарастырады.

Халықаралық қауымдастық тарапынан назар аударуға тұрарлық Республикамыздың бір маңызды аспектісі – экономика саласы екені белгілі. Ел экономикасы ең алдымен мұнай, газ, түсті металдар, химия және басқа да базалық сала өнімдеріне негізделген. 90%-дан астам экспорттық тауарлардың жоғарыда аталған шикізат тауарларының үлесіне келетіні осының айқын дәлелі [2].

Тәуелсіздіктен бері үкімет мемлекеттік экономиканың құрылымында шетелдік капиталдың, техника мен технологиялардың, экономикалық дамудың маңызды факторы ретінде өндірісті ұйымдастыру және басқару тәжірибесінің кеңінен қатысуын қарастырды. Ол үшін, яғни шетелдік фирмалардың тиімді жұмыс істеуі үшін халықаралық құқық нормаларына сәйкес әрекет ететін сыртқы экономикалық қызметті қамтамасыз ететін озық заңнаманың болуы өте маңызды рөл атқарады. Республикада шетелдік инвесторлардың қолайлы режимде жұмыс істеуі үшін үкімет тарапынан шетелдік инвестициялар мен концессиялар туралы, сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидалары туралы, еркін экономикалық аймақ туралы заңдар қабылданды. Сәйкесінше, шетелдік, соның ішінде елімізге инвестиция салу жөнінен 3-ші орында тұрған британ капитал ағынының келуі байқалды. Байқауымызша, олардың едәуір басым бөлігі мұнай-газ саласының төңірегінде шоғырланған.

Қазақстан территориясының көлемі жөнінен әлем бойынша тоғызыншы, ТМД елдері бойынша Ресейден кейінгі екінші орынды алатын және посткеңістік елдер арасындағы ең тұрақтысы деп қарастырылатын мемлекет екені жасырын емес. 2003 жылы Қазақстанның жиынтық жалпы ішкі өнімі барлық басқа Орталық Азия республикаларының жиынтық жалпы ішкі өнімінен асып түсті. Осы сәттен бастап барлығы Қазақстан туралы өз аймағындағы көшбасшы деп ашық айта бастады. Осы жылы АҚШ пен Батыс елдері Қазақстанды нарықтық экономикалы ел деп мойындады. 2005 жылы Вашингтон мен Батыс елдері өзінің бұрынғы және қазіргі жоғары лауазымды саясаткерлері, ірі бизнес өкілдері келбетінде Қазақстан мен оның саяси режимін заңдастырды. Осылайша, Қазақстанның «орныққан мемлекеттер клубына» енуі орын алды. Алайда, бұл жағдай орындалуы үшін Қазақстанға және оның басқарушы тобы мен элитасына геосаяси проблемалар, ішкі саяси тұрақтылық қауіптерін жою, экономикалық жұмбақтарды шешу және қиын жобаларды іске асыру сияқты ұзақ және қиын

жолды өткеруге тура келді. Осының барлығына жарты онжылдық кетті [2].

Ұлыбритания – көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі екендігін ескере келе, халықаралық қатынастар жүйесінде құрметті орын алу үшін Қазақстан Тұманды Альбион елімен барынша белсенді байланыс орнату керек. Бүгінгі жағдай көрсетіп отырғандай, бұл міндет еліміздің басшылығы үшін қолдан келер мәселе болды. Қазақстандық басшылық қазақ-британ қарым-қатынастарында айтарлықтай ілгерілікке қол жеткізді және британдық бағыт соңғы жылдары сыртқы саясатымыздың еуропалық векторындағы маңызды бөлшекке айналды.

Ендігі кезекте мәселені Біріккен Корольдіктің Қазақстанға деген Каспий-Орталық Азия аймағына геосаяси қызығушылығы есебінен қарастыруды түсінікті ету үшін қазақ-британ қатынастарының даму эволюциясын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1 кезең (1992-1995 жж.) – ресми саяси байланыстар орнатқан, тараптардың мемлекетаралық қатынастардың келісімдік-құқықтық және институционалдық негізінің қалыптасуы кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезеңнің маңызды шараларына екі жақтың бірқатар қол қойылған келісімдер және ҚР мен Ұлыбританияның өкілетті өкілдер делегацияларының алмасуы жатады.

2 кезең (1996-2000 жж.) – бұрын қол жеткізген келісімдер негізінде өзара қарым-қатынастың белсенді және тереңдей түсуімен ерекшеленеді. Негізгі екі мұнай-газ және энергетика саласына, көлік және байланыс саласындағы өзара әрекеттестікке, өзара сауда мен инвестициялық қызметтің нығаюына жасалды.

3 кезең (2000-2016 жж.) – стратегиялық серіктестік деңгейіне дайындық және сол дәрежеге жеткен кезеңнің оқиғаларымен сипатталды [3].

Қазақстанның Ұлыбританиямен қарым-қатынасының даму кезеңдерінің әрқайсысында да экономикалық аспекті шет қалған емес. Керісінше, 1991 жылы саяси-дипломатиялық байланыс орнатқаннан кейін маңызды байланыстырушы көпір ретінде экономика саласы алдыңғы орынға шықты.

Ұлыбритания тарапынан еліміздің мұнай-газ секторына деген қызығушылықтар толастаған емес. Қазірде мұнай-газ саласындағы қызметтерін сәтті жүргізіп отырған ағылшындық мұнай мен газ айдаһарларының республиканың Каспий аймағындағы қызметтері 1990-1991 жылдардан

бастау алады. Ең алғаш рет 1990 жылдың басында «Би-Пи Эксплорейшн» бөлімінің қызметкерлері қазақстандық орган өкілдерімен Қазақстанмен арадағы іскерлік ынтымақтастық масштабы жөнінде келіссөздер жүргізу үшін келген. Келіссөздер нәтижелі аяқталған соң, көп ұзамай елдегі батыс аймақтағы бірқатар жобаларға қатысу үшін техникалық материалдар мен мүмкіншіліктерді бағалау мақсатымен Ақтөбе, Орал және Гурьев облыстарына компания мамандары келді. Дәл осы сапар барысында Би-Пи Эксплорейшннің атқарушы директоры Э. Дж. П. Браун мырза мен компанияның басқа да жоғары лауазымды басшылары ел президенті Н.Ә. Назарбаевпен Алматыда кездесті. Ал президент Назарбаев өз кезегінде 1991 жылғы қарашадағы Ұлыбританияға жасаған сапарында Би-Пидің Уитч Фарм кен орнында болды. Би-Пи Эксплорейшн компаниясы «Қарашығанақ» кен орнының кешенді техникалық-экономикалық сараптамасын жасап, Орал облысы мен Ақсайда ресми өкілдермен облыстық және республикалық деңгейде келіссөздер жүргізіп, жергілікті тұрғындар мен Қазақстан халқының қажеттіліктерін анықтап алды. Аталмыш атқарылған жұмыстардың нәтижесі ретінде Би-Пи «Қарашығанақ» кен орнын өңдеу бойынша ұсыныстарын жасады. Бритиш Петролеум компаниясы ұсынған газ-конденсатты айдайтын жоба ұсынысы Газпром мамандарымен кеңеске салынып, барлығы жобаны қолдады. Бұл Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарынан бастап Бритиш Петролеум компаниясы қызығушылық танытқан мұнай-газ саласындағы алда атқарылатын жұмыстардың бір бағыты болса, «Қарашығанақ» кен орнынан басқа ағылшын компаниясы Солтүстік Каспий кен орнындағы іздеу-барлау жұмыстары мен қайраңдық кен орындарды өңдеу мүмкіндіктеріне қызығушылық танытты. Осылайша 1992 жылдың басында Алматыда Бритиш Петролеумнің тұрақты өкілдігінің ашылуы Қазақстанмен серіктестікті нығайтып, жоспарланған жұмыстарды тиімді және жемісті жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Қазақстанмен серіктестік орнатқан кезеңде Бритиш Петролеум мұнай және мұнай химиясы саласындағы көлемі жөнінен әлемдегі үшінші компанияға айналып үлгерген еді. Сол уақыттың өзінде компанияның үлесіне АҚШ-тағы отандық мұнай өндірісінің 10%-ы, ал Ұлыбританиядағы барлық мұнай өндірісінің 25%-ы тиесілі болды [4].

1991 жылдан бастап ағылшын компаниялары Қазақстанның түкпір-түкпірінде өздерінің қызметтерін жүргізуді қолға алды. Атап

айтар болсақ, Маңғыстау облысында 1991 жылдың қаңтар айынан бастап «Дунга», «Теңге» кен орындарын бірлесіп өңдеу, «Северные Бузачи» қайраңын барлау және тереңдегі мұнайды өңдеуге мүмкіндік беретін мұнай өңдеу зауытының құрылысын бастау жұмыстары қолға алынды. Гурьев облысында мұнай өңдейтін зауытты қайта құру жұмыстары мен жаңа зауыт салу, теңгерімнен тыс мұнай кен орындарын барлау, бұрғылау және өңдеуге арналған ортақ кәсіпорын құру жұмыстарын жүргізді. Ақтөбе облысында «Қара-Төбе және «Ақжар» жаңа кен орындарын бірлесіп дамыту және пайдалану, шикі мұнайды өңдеуге, бензин алу, газдар, меркаптандарды өңдеуге арналған екі кіші құрылғыны жеткізу, өзара тиімді жағдайда жаңа мұнай өңдейтін зауыт құрылысын салу мүмкіндіктерін қарастыруда тәжірибелік көмек көрсету сияқты бірқатар пайдалы жұмыстарды қолға алды. Шымкент облысында мұнай өңдеу зауытын жаңа технологиялық құрылғылармен қамтамасыз етуде таптырмас көмек көрсетті.

Жоғарыда аталған әр облыстардағы жобаларды жүзеге асыруға алғашында 3 миллиард АҚШ доллары бөлініп, кейіннен инвестиция көлемі ұлғайды. Барлық бағдарламалардың қаржы және экспорт-импорттық операциялары Лондонда ресми тіркеліп, арнайы ашылған бірлескен «Қазақстанды сауда-экономикалық дамыту» компаниясы арқылы жүзеге асырылды [5].

1991 жылдан бастап ҚР мен британдық «Шелл» компаниясы басшыларының арасында келіссөздер басталып, екі тараптың болашақта ресми серіктестік жұмыстары жайлы келісімдерге келді. Голландиялық «Роял Датч Петролеум Компани» мен британдық «Шелл транспорт энд Трэйдинг Компани» бірігіп құрған «Ройял Датч-Шелл» концерні әлем бойынша мұнай және газ саласындағы ең ірілердің қатарынан орын алады [6].

1990-1991 жылдары ағылшындық және басқа да мұнай-газ саласында қызмет көрсететін ірі компаниялармен серіктестік байланыс орнатқаннан кейін, ел басшылығы елдің табиғи ресурс байлықтарын оңтайлы әрі тиімді пайдалану, бір сөзбен айтқанда, экономикалық тиімді жолдарын іздеді. Сөйтіп, 1992 жылы Қазақстандық Қарашаған кен орнын игеруге байланысты ұлттық компаниямен бірге шетелдік компанияны серіктес етіп тағайындау мақсатымен байқау жарияланды. Сол уақытта түрлі орталарда «Продакшн-Шеринг» формасындағы серіктестік түрі кең талқыланған

болатын. Бұндай ұлттық компания мен шетелдік қатысушы компания арасындағы серіктестік формасы әлемдік тәжірибеде көп кездеседі. Алайда, жаңадан егемендігін алған Қазақстан үшін серіктестіктің мұндай түрі экономикалық тұрғыдан өте қиын болады деп болжанды, себебі «Продакшн-Шеринг» серіктестіктің түрі кен орнын игеру кезінде өңдеу мен тауарларды сату бөлініске түседі. Шетелдік серіктес тек өзінің мүддесіне жұмыс істейтін болғандықтан, олар өндіру және шикізатты өз зауыттарына тасымалдау мақсатындағы экономикалық мүдделерді көздейді. Сол себепті бұл жағдайда концессия немесе оның заманауи модификациясы – «өңдеуге лицензия беру» түріндегі серіктестік әлдеқайда тиімдірек болады деген тоқтамға келді. Шетелдік компанияға өңдеуге лицензия беру арқылы бірден Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайы талқыланып, шетелдік қатысушының жұмысы кезінде бірқатар шектеулерді қояды.

Серіктестіктің барлық мүмкін түрлерін ескере отырып, ҚР-дың Министрлер Кабинеті Орал облысындағы Қарашаған мұнай-газ конденсаты кен орнын бірлесіп игеру жөніндегі шешім қабылдап, тиісті жобаны жүргізу бойынша Ұйымдастыру комитетін құруды жоспарлаған еді. Барлық шетелдік компаниялар тарапынан түскен қызығушылық ұсыныстарды қарастыра келе, Ұйымдастыру комитеті «Бритиш ГАЗ Эксплорейшн энд Продакшн Лтд», «Аджив» фирмасына, «Бритиш Петролеум Эксплорейшн П.Л.К» Ұлыбритания және Италия компанияларын бәйгеге қатысуға шақырды. Бұл шетелдік компаниялардың барлығы Қазақстандағы кен орнын игеруге деген үлкен ниеттері мен дайындықтары бар екендігін білдірді. «Бритиш Петролеум» компаниясының атқарушы директоры бұл жобаға өздерінің серіктесі «Статойл» компаниясымен бірігіп «Альянс» ретінде қатысатынын хабарлады. Ал «Бритиш Газ» бен «Аджив» өздерінің әлеуеттерін біріктіріп, бұл жобаға серіктес ретінде қатысты. Әр қатысушы өздерінің Қарашаған кен орнын бірлесіп игеру жөніндегі тұжырымдамаларын дайындап шығарды. Бритиш Газ 1992 жылдың 22 қаңтарында Қазақстанда, Алматы қаласында өзінің ресми өкілдігін ашу туралы ресми хатын жолдады. Ресми өкілдік ашу арқылы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты сақтауға ниет білдіріп, Қарашаған жобасы бойынша келіссөздерде прогреске жетуді көздеген болатын [7].

Нәтижесінде мемлекеттік газ концерні «Газпром» ұйғарымы бойынша Ұлыбритания-

лық «Бритиш Газ» және Италиялық «Аджив» фирмаларының Қарашаған кен орнын кезек-кезеңмен игеруге бағытталған жобасы тиімді деп шешілді. 1992 жылы 1 шілде күні Алматы қаласында шетелдік «Бритиш Газ» және «Аджив» фирмаларымен Қарашаған кен орнын игеру туралы хаттамаға қол қойылды [8].

Осы тұста айта кететін маңызды жайт, «Бритиш Газ эксплорейшн энд продакшн» компаниясының өкілдерімен Қазақстан делегациясы Қарашаған кен орнын игеруге байланысты несие беру туралы келіссөздер орын алды. Несие көлемі – 100 млн АҚШ долларын құрау тиіс болды. Келіссөздер барысында екі жақтың теңсіздігін айқындайтын кереғар мәселелер туындады. Қазақстандық делегация өкілдері несие беру шарттары кәдімгі коммерциялық шартпен бірдей болғандықтан, «Қарашаған кен орнын игеру туралы Келісімге» қол қою бұрыс деген қорытындыға келді. Екі тарап келісе алмаған соң, келіссөздер сәтсіз аяқталды. Делегацияны бастап барған Е.Г.Ежиков-Бабаханов мырза аталмыш жобаны басқа ағылшындық компаниямен жүргізу дұрыс болатынына сендірді. Британдық БиПи компаниясымен Қарашаған кен орнын тең құқылы жағдайда игеруді ұсынды [8, 9-12 бб]. Десекте, орын алған проблемалар шешімін тауып, кен орнын игеру жұмыстары басталды.

1992 жылы ақпанда Бритиш Петролеум, Статойл и Эрнст энд Янг фирмалары бір аптаға жалғасқан Батыс Қазақстаннан мұнай экспорттауға арналған потенциалды құбыр өткізу жүйелерін зерттеуді бастады. Зерттеудің мақсаты – бұл маңызды мұнай өндіру аймағының мүмкін экспорттық маршруттарды анықтап, олардың бағасын салыстырмалы түрде анықтау, сондай-ақ, техникалық мәселелер мен тәуекелдерді анықтау болды [8, 41-42 б].

Дәл осы жылы 20 сәуірде аталмыш бәйгеде бағы жанбаған ағылшындық «Бритиш Петролеум» норвегиялық «Статойл» компаниясымен бірігіп Атырау облысына қарасты Каспий теңізінің солтүстік қайраңдық бөлігін барлау, өңдеу және тасымалдау бойынша «продакшн шеринг» (тауарларды бөлісу) типіндегі келісімшарт дайындаған. Келісімшарт бойынша игеруге территорияның 40%-ын сұрады. Сөйтіп, келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 30 күннің ішінде Атырау облысына 1 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат аударатын болды. Одан бөлек келісімшартқа қол қойылса, «активтермен айырбас» жүргізілетін болды, яғни Қазақстан Норвегия немесе Англия жағалауындағы Сол-

түстік теңіз қайраңындағы кен орнын өңдеуге мүмкіндік алады. Өндіру жұмыстары БиПи компаниясымен бірге Атыраулық Эмбанефть және Теңізмұнайгаз кәсіпорындарымен бірлесіп жүргізілетін болды. Бұл жоба арқылы қазақстандық мамандар тек отандық өндіріс орындарында ғана емес, сонымен қатар шетелдік кен орындарында да жұмыс істеп, тәжірибе жинақтауға зор мүмкіндік алатын еді. БиПи әкімшілігі бойынша байқау ұйымдастырудың ешқандай мәні жоқ және БиПи компаниясы бұл салада алдыңғылардың қатарында екеніне күмән туғызбайтындығына сендірді. Президент Назарбаевтан Каспий солтүстік жағалауын игеруге қатысты серіктес болуды қадала сұрады. Осы мәселеге қатысты Атырау облысының әкімшілігі БиПи компаниясының жасаған ұсынысы қызығушылық тудыратынына күмән жоқ екендігін және бұл ретте БиПи лайықты серіктес екендігін атап өтті. Дегенмен, Каспий теңізін игеру барысында бір келісімшарт жасасқан тарапқа бүкіл Қазақстандық қайранды зерттеуге жол беру республиканың мүдделеріне сәйкес келмейді және 40% жерді игеруге беру ақылға қонымсыз деп тапты. Ең дұрысы, Қазақстандағы қайрандық бөліктерді түрлі инвесторларға беріп, Каспий қайраңын игеру мәселесін біртіндеп шешу қажеттігін айтты. ҚР-дың Министрлер Кабинеті мен Энергетика және отын ресурстары министрлігі Қазақстандық қайранды бір монополиялық тарапқа беру және жердің жартысына жуығын өзі таңдап алатын жағдай әлемдік тәжірибеге қайшы келеді деген тоқтамға келді. Шындығында да оның жарқын мысалы ретінде Мексика шығанағы немесе Солтүстік теңіз қайраңын келтіруге болады. Онда бірнеше емес, тіпті ондаған түрлі компаниялар мен консорциумдар жұмыс жасап жатыр [9].

Міне, жоғарыдағы келтірілген мәліметтер тізбегінен екі ел арасындағы мұнай-газ саласындағы серіктестік байланыс өзара тиімді экономикалық мүдделер негізінде құрылғанын түсіну қиын емес. Белгілі болғандай, екі ел арасындағы экономикалық сектордағы басымдық беретін негізгі мәселе – инвестиция салу және инвестиция тарту. Инвестиция салу және тартудың негізгі формасы – бірлескен кәсіпорындар құру. Елбасымыз өзінің 1992 жылы жарық көрген «Казахстану нужны не кредиты, а инвестиции» атты мақаласында атап көрсеткендей, инвестициялар тарту – біздің негізгі

беталыс бағытымыз болып табылады. Несие алу – экономикалық дамудың негізгі жолы емес екендігі туралы қағиданы ұстанатын мемлекет басшысы, тікелей шетелдік инвестициялар негізіндегі өзара ынтымақтастық, нарықтық экономикаға кадрлар дайындауда қолдау табу, халықтық шаруашылықты қайта құру және оның жеке салаларын ұйымдастыруда көмек алуды барлығынан да болашағы зор екендігі туралы ой қорытады [10].

Қазақстанға деген халықаралық қауымдастықтың қызығушылығы тегін емес, себебі республикамызда бұрынғы КСРО-ның 90%-дан астам зерттелген хромит қоры, вольфрам мен қорғасынның жартысы, 40% цинк пен мыс, боксит пен фосфориттердің 1/4 бөлігі орналасқан. Қазақстан ТМД кеңістігінде түсті металл өндірісі бойынша бірінші, мұнай шығарудан екінші, көмір өндірісі, шойын, болат, ауылшаруашылық көліктерін шығару жөнінен үшінші орынды иеленеді. Сонымен қатар, өндірістік тауарлардың жалпы көлемі бойынша алғашқы төрттікке кіреді. Республикамыздың еншісіне ТМД елдеріндегі астық өндірісі көлемінің 1/5 бөлігі тиесілі, сонымен бірге тағамдық бидайдың ең бағалы түрлерінің жеткізушісі болып табылады. Ауыл шаруашылық саласында мал шаруашылығы, әсіресе қой өсіру жақсы дамыған [2]. Елімізге тән осындай ұлттық ерекшеліктердің жиынтығы Қазақстанды әлем елдері алдында тұрақты серіктестік, ынтымақтастық және достық қарым-қатынас орнатуға тиіс мемлекет ретінде көрсетіні анық.

Ұлыбритания табиғи ресурстың экспортына тәуелді мемлекет ретінде табиғи байлыққа кенелген Қазақстанмен тұрақты байланыс орнатып, инвестициялар құю арқылы өзінің экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуді көздеген болса, тиісінше Қазақстан да мәңгілік Тұманды Альбион елінен келіп жатқан инвестициялар ағынына мұқтаждық танытып отыр. Мемлекеттің өзін-өзі қамтамасыз ететін ішкі ресурстар мен материалды жағдай болмағандықтан, шетелдік капиталдарға жүгінуге тура келеді. Осы тұста британ капиталдары таптырмас және қажетті дүние болып саналады. БиПи, Бритиш Газ, Шелл сияқты ірі мұнай компаниялары сол тәуелсіздік жылдарынан бері күні бүгінге дейін Қазақстанда батыс аймақта өз қызметтерін сәтті атқарып келеді. Өзара екі жаққа да тиімді серіктестіктің бұл түрі ұзақ мерзімді болары хақ.

Әдебиеттер

- 1 Султанов Б.К., Музапарова Л.М. Становление внешней политики Казахстана. – Алматы, 2005. – С. 9.
- 2 Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том 5. – Алматы, 2009. – С. 354-355.
- 3 Казахстан: 20 лет независимости. КИСИ при Президенте РК. – Алматы, 2011. – С. 102-103.
- 4 Архив Президента Республики Казахстан. Президент Казахской ССР. Отдел внешних связей. Документы об открытии постоянных представительств иностранных фирм. – Том 2, Фонд 7, Опись 1, Дело 611. – С. 113-131.
- 5 Архив Президента РК. Президент Казахской ССР. Отдел внешних связей. Документы о торгово-экономическом, научно-техническом сотрудничестве СССР и Казахской ССР с Англией и Ирландией. – Фонд 7, Опись 1, Дело 629. – С. 2-5
- 6 Архив Президента Республики Казахстан. Президент Казахской ССР. Отдел внешних связей. Переписка Кабинета Министров Казахской ССР с Межреспубликанским экономическим комитетом СССР, зарубежными фирмами, промышленными группами, банками, политическими и государственными деятелями по вопросам политического, финансово-экономического, научного сотрудничества. Фонд 7, Опись 1, Дело 685. – С.87
- 7 Архив Президента РК. Аппарат Президента и Кабинета Министров РК. Отдел внешних связей. Документы о сотрудничестве РК с зарубежными компаниями, фирмами (Тенгизшевройл, Бритиш Газ, Халибуртон) по освоению, добыче, переработке нефти и газа. Фонд 5Н, Опись 1, Дело 491. – С. 22, 9-12, 41-42.
- 8 Центральный государственный архив новейшей истории РК. Аппарат Президента и Кабинета Министров РК. Отдел промышленности и товаров народного потребления. Документы о подготовке конкурсного выбора иностранных партнеров по освоению Карачаганского нефтегазоконденсатного месторождения. Фонд 5Н, Опись 1, Дело 768. – С. 4-32, 56.
- 9 Центральный государственный архив новейшей истории РК. Аппарат Президента и Кабинета Министров РК. Отдел промышленности и товаров народного потребления. Документы инофирм о сотрудничестве с РК в разведке и переработке нефти и газа и документы к ним. Фонд 5Н, Опись 1, Дело 770. – С. 68-90.
- 10 Архив Президента Республики Казахстан. Аппарат Президента и Кабинета Министров РК. Общий отдел. Статья Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. «Казахстану нужны не кредиты, а инвестиции» в журнале «Деловые люди». 1992 г. Фонд 5-Н, Опись 1, Дело 247. – С.1-4.

References

- 1 Sultanov B.K., Muzaparova L.M. Stanovlenie vneshnej politiki Kazahstana. – Almaty 2005. – S. 9.
- 2 Laumulin M.T.: Central'naja Azija v zarubezhnoj politologii i mirovoj geopolitike. Tom 5. – Almaty, 2009. – S. 354-355.
- 3 Kazahstan: 20 let nezavisimosti. KISI pri Prezidente RK. – Almaty, 2011. – S. 102-103.
- 4 Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan. Prezident Kazahskoj SSR. Otdel vneshnih svjazej. Dokumenty ob otkrytii postojannyh predstavitel'stv inostrannyh firm. – Tom 2, Fond 7, Opis' 1, Delo 611. – S. 113-131.
- 5 Arhiv Prezidenta RK. Prezident Kazahskoj SSR. Otdel vneshnih svjazej. Dokumenty o torгово-jekonomicheskom, nauchno-tehnicheskom sotrudnichestve SSSR i Kazahskoj SSRs Anglij i Irlandiej. – Fond 7, Opis' 1, Delo 629. – S. 2-5
- 6 Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan. Prezident Kazahskoj SSR. Otdel vneshnih svjazej. Perepiska Kabineta Ministrov Kazahskoj SSR s Mezhrespublikanskim jekonomicheskim komitetom SSSR, zarubezhnymi firmami, promyshlennymi gruppami, bankami, politicheskimi i gosudarstvennymi dejateljami po voprosam politicheskogo, finansovo-jekonomicheskogo, nauchnogo sotrudnichestva. Fond 7, Opis' 1, Delo 685. – S.87
- 7 Arhiv Prezidenta RK. Apparat Prezidenta i Kabineta Ministrov RK. Otdel vneshnih svjazej. Dokumenty o sotrudnichestve RK s zarubezhnymi kompanijami, firmami (Tengizshevrojl, British Gaz, Haliburton) po osvoeniju, dobyche, pererabotke nefiti i gaza. Fond 5N, Opis' 1, Delo 491. – S. 22, 9-12, 41-42.
- 8 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv novejshej istorii RK. Apparat Prezidenta i Kabineta Ministrov RK. Otdel promyshlennosti i tovarov narodnogo potreblenija. Dokumenty o podgotovke konkursnogo vybora inostrannyh partnerov po osvoeniju Karachaganskogo neftegazokondensatnogo mestorozhdenija. Fond 5N, Opis' 1, Delo 768. – S. 4-32, 56.
- 9 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv novejshej istorii RK. Apparat Prezidenta i Kabineta Ministrov RK. Otdel promyshlennosti i tovarov narodnogo potreblenija. Dokumenty inofirm o sotrudnichestve s RK v razvedke i pererabotke nefiti i gaza i dokumenty k nim. Fond 5N, Opis' 1, Delo 770. – S. 68-90.
- 10 Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan. Apparat Prezidenta i Kabineta Ministrov RK. Obshhij otdel. Stat'ja Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva. «Kazahstanu nuzhny ne kredity, a investicii» v zhurnale «Delovye ljudi». 1992 g. Fond 5-N, Opis' 1, Delo 247. – S.1-4.

Vita brevis, ars longa